

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналысқа шығарылған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің кеден органы басқа мүше мемлекеттің кеден органына жіберетін автомобильдер мен өзге де көлік құралдарының мәліметтер құрамын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 13 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 372-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналысқа шығарылған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің кеден органы басқа мүше мемлекеттің кеден органына жіберетін автомобильдер мен өзге де көлік құралдарының мәліметтер құрамы бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 18 қаңтардағы
№ 13 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналысқа шығарылған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің кеден органы басқа мүше мемлекеттің кеден органына жіберетін автомобильдер мен өзге де көлік құралдарының мәліметтер ҚҰРАМЫ

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 126-бабына сәйкес шартты шығарылған көлік құралдарын қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналысқа шығарылған, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8701 (8701 10 000 0 қосалқы позицияны қоспағанда), 8702, 8703, 8704, 8705, 8711 және 8716 (8716 20 000 0, 8716 80 000 0 және 8716 90 қосалқы позицияларды қоспағанда), тауар позицияларында сыныпталатын автомобильдер мен өзге де көлік құралдары туралы мәліметтер:

- а) сәйкестендіру нөмірі (VIN) (не кузовтың, шассидің (раманың) нөмірі);
- б) маркасы мен моделі (бар болған кезде);

в) әзірленген күні (шығарылған сәті) (бар болған кезде);

г) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауардың коды;

д) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің валютасындағы кедендік құн, оның кеден органы мәліметтер (ішкі тұтыну үшін шығарылған жағдайда) жібереді не Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің валютасындағы кедендік құн, оның кеден органы мәліметтер (еркін айналысқа шығарылған жағдайда) жібереді;

е) көлік құралының шығарылуын (ішкі тұтыну үшін шығарылған жағдайда) растайтын тауарға арналған декларацияның күні мен тіркеу нөмірі;

ж) көлік құралының шығарылуын (еркін айналысқа шығарылған жағдайда) растайтын жолаушы кедендік декларациясының күні мен тіркеу нөмірі;

з) кеден бажының төленгенін растайтын кедендік кіріс ордерінің күні мен тіркеу нөмірі;

и) көлік құралының шығарылған күні.

2. Өздеріне қатысты осындай мемлекеттің қосылуы туралы халықаралық шартпен Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы "Жеке пайдалануға арналған тауарларға байланысты жекелеген мәселелер туралы" № 107 шешімімен (аталған Шешім күшіне енгенге дейін – 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу және оларды шығарумен байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге 5-қосымшамен) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифімен белгіленгендерден бөлек ставкалар бойынша кедендік баждар, салықтар төлеу мүмкіндігі берілген 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылған мемлекеттің аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін немесе еркін айналысқа шығарылған көлік құралдары туралы мәліметтер:

а) осы құжаттың 1-тармағында көрсетілген мәліметтер;

б) салықтардың, алымдардың және өзге төлем түрлерінің сыныптауышына сәйкес төлем түрінің коды, төлемдерді алу Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген кеден органдарына жүктелген;

в) қолданылатын кедендік баждардың, салықтардың ставкасы;

г) кедендік баждардың, салықтардың іс жүзінде төленген сомасы, төлем валютасы;

д) кедендік баждарды, салықтарды есептеп шығару мақсаты (бар болған кезде) үшін Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес (ал 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа мемлекеттің қосылуы туралы халықаралық шарт күшіне енгенге дейін – осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес

) айқындалған күнгі қолданыстағы қосылған мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген (айқындалған) төлем валютасының еуроға қатысты бағамы;

е) ол бойынша кедендік баждарды, салықтарды қосымша төлеген (бар болған кезде) көлік құралы туралы мәліметтер жіберген жағдайда әкелу кезінде төленген кедендік баждар, салықтар есептеп шығарылған кедендік құжаттың күні мен тіркеу нөмірі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК